ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 мамыр №5265-23-00-2/979 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Калбиби Бейсенбековна Асылбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 117, 223-226, 267-3, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Ахметов» Калбиби Бейсенбековна Асылбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Ахметов» Калбиби Бейсенбековна Асылбековадан Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыппұл 25 690 (жиырма бес мың алты жүз тоқсан) теңге және мемлекеттік бажға төленген 771 (жеті жүз жетпіс бір) теңге сот шығыны баж өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Ахметов» Калбиби Бейсенбековна Асылбековадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А. Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 19.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2023, судья Кененбаева А. А., 23.06.2023